

"Васильков алтын кен орнын дамыту мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 12 тамыз N 1242

"Васильков" ірі алтын кен орнын өнеркәсіптік игеру үшін Қазақстан Республикасының алтын өндіретін саласын одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Нидерландының "Флудгеит Холдинг Б.В." шетелдік компаниясының (бұдан әрі - Стратегиялық инвестор) қатысуымен жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесін - 40 пайыз, ал Стратегиялық инвесторлар үлесін 60 пайыз мөлшерінде белгілей отырып, "Васильков алтыны" ашық акционерлік қоғамы нысанындағы бірлескен кәсіпорны (бұдан әрі - Бірлескен кәсіпорын) құрылсын.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.02.08. N 207 қаулысымен. P 0 1 0 2 0 7 _

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті:

1) "Алтыналмас" АК" ашық акционерлік қоғамымен (бұдан әрі - Алтыналмас) белгіленген тәртіппен 1995 жылғы 25 шілдедегі N 20/95 Шарт бойынша мүліктік құқықтан бас тарту туралы келісім жасасуды қамтамасыз етсін;

2) осы тармақтың 1-тармақшасында көзделген іс-шараларды орындағаннан кейін Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Стратегиялық инвестормен бірлесіп (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

екі апталық мерзімде Бірлескен кәсіпорынның құрылтайшылық құжаттарын дайындасын;

"Васильков ТКБК" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін мемлекеттің салымы ретінде беру арқылы Бірлескен кәсіпорынның жарғылық капиталын қалыптастыруды қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп Бірлескен кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен бірлесіп Бірлескен кәсіпорынның акциялар комиссиясы проспектісінің тіркелуін қамтамасыз етсін;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Васильков алтын кен орнын әзірлеу үшін Бірлескен кәсіпорынға 1997 жылғы 9

қазандағы МГ сериялы N 433 ДД (алтын) лицензиясы бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы шешім қабылдауды;

2) Бірлескен кәсіпорынмен Васильков кен орнының құрамында алтыны бар кендерін өндіруді жүргізуге арналған келісім-шарт жасасу жолымен жер қойнауын пайдалану құқығын қайта ресімдеуді қамтамасыз етсін.

4. Аудиторлық қорытындымен расталған Алтыналмас жұмсаған шығындарды,

сондай-ақ акциялардың мемлекеттік пакетін бағалау үшін заң консультантын және тәуелсіз аудиторлық ұйымды тартумен байланысты шығыстарды өтеу Стратегиялық инвестордың есебінен жүргізілетіні назарға алынсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.